

## **«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Экоәлем» республикалық интернет-байқауын қашықтықтан өткізу ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары білім алушыларының арасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Экоәлем» республикалық интернет-байқауын (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізу ережесі оны өткізудің мақсаты, міндеттері және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: білім алушылардың экологиялық мәдениетін, экологиялық сана-сезімі мен ойын дамыту.

Міндеттері:

белсенді және талантты білім алушыларды анықтау, білім алушыларды белсенді табиғатты қорғау қызмет дағдыларына ынталандыру;

білім алушылардың көңілін туған қаласының экологиялық мәселелерін шешуге аудару.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

### **2. Байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі**

5. Байқау жұмыстары **2017 жылғы 7 желтоқсаннан 2018 жылғы 31 қаңтарға дейін** [nt\\_ekotur@mail.ru](mailto:nt_ekotur@mail.ru) электронды поштасына қабылданады.

**2018 жылғы 31 қаңтардан кейін** түскен байқау материалдары, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломы, қатысушылардың сертификаттары **2018 жылғы 12 ақпанда** [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында орналастырылады.

6. Ұйымдастырушының байқауды өткізу мерзімін ұзартуға құқығы бар. Ұйымдастырушының шешімі бойынша байқауды өткізу мерзімін ұзарту туралы ақпаратты міндетті түрде әлеуетті қатысушыларға хабардар ете отырып, байқауды өткізу, өзгерту туралы және қорытындыны орналастыру мерзімдері мына сілтемеде көрсетіледі: [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) → Республикалық шаралар → «Экоәлем» байқауы → әрі қарай.

7. Байқауға келіп түскен жұмыстар қайтарылмайды. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы. Қатысушыларға сараптамалық қорытынды және сын пікір ұсынылмайды.

8. Байқауға қатысу үшін **1500 (бір мың бес жүз)** теңге төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

ҚР БҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БИН 990140004733  
ИИК KZ91856000005068448  
БИК КСJBKZKX  
Кбе 16

Төлемақы мақсатының коды: 859.

АО «БанкЦентрКредит»

Төлемақының мақсаты: «Экоәлем» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) аты-жөні, тегі міндетті түрде көрсету қажет.

9. Байқауға қатысу үшін міндетті түрде келесі құжаттарды:

- 1) кестеге сәйкес өтінімді;
- 2) сканерден өткізілген түбіртек немесе төлем тапсырмасын;
- 3) электронды түрде байқау жұмысын **nt\_ekotur@mail.ru** электронды поштасына жіберу қажет.

### 3. Байқау талаптары

10. Байқауға жалпы орта, қосымша, кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарының 7-18 жас аралығындағы білім алушылар келесі жас санаттары бойынша қатыса алады:

- 7-10 жастағы кіші жас санаты;
- 11-14 жастағы орта жас санаты;
- 15-18 жастағы жоғарғы жас санаты.

11. Байқауға эссе, очерктер, мақалалар, сұхбат келесі номинациялар бойынша қабылданады:

**«Көзқарас»** - экология өнеркәсібі саласындағы, қоршаған ортаны қорғау мәселелері және оларды шешу тәсілдері туралы ой.

**«Өзекті сұхбат»** - тәжірибесі қажет болатын, экологияны қорғауды дамыту мен қоршаған ортаны қорғауға тәжірибелік үлес қосқан маманмен сұхбат.

**«Қазақстан – әлемнің экологиялық доноры»** - еліміздің табиғат ресурстарына арналған жұмыстар қабылданады.

Көлемі: 0,5-2 бет. Форматы - А4, Word for Windows, қаріп - Times New Roman, кеглі - 14, арақашықтығы - бір жарым, барлық жиегі - 2 см.

Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

- байқаудың тақырыбына және номинациясына сәйкестігі;
- шығармашылық деңгейдің автордың жас ерекшелігіне сәйкестігі;
- тақырыптың толық ашылуы.

11. Байқауда бір қатысушы бір номинация немесе бірнеше номинацияға қатыса алады. Әр номинацияға әр қатысушыдан бір ғана жұмыс қабылданады. Әр номинация бойынша әр жеке жұмыс үшін төлемақы қабылданады.

12. Байқау жұмысының титул парағында көрсетіледі:

- облыс, аудан (қала), ауыл;
- білім беру ұйымының аталуы;
- байқау, номинация, жұмыс аталуы;
- автордың аты-жөні;
- қатысушының жасы;
- e-mail, байланыс мәліметтері;

жетекшінің аты-жөні, тегі;  
жетекшінің лауазымы және жұмыс орны.

13. Интернет желісінен алынған және өзге авторлардың материалдарын қолдануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын ешқандай интернет желісінде жарияланбаған болуы тиіс.

#### 4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

14. Әділқазы мүшелері номинациялар бойынша байқаудың жеңімпаздарын анықтайды.

15. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен, байқау жеңімпаздарының жетекшілері алғыс хатпен марапатталады, орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, олардың жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары **www.ziyatker.org** сайтында мына сілтеме <http://www.ziyatker.org/#!/-c10hg> бойынша автоматты түрде жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама телефондары: **8(7172)249308** («Экоәлем» байқауы).

Диплом, сертификаттардың онлайн нұсқасын жүктеу үлгісі [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org)  
→ Республикалық шаралар → «Экоәлем» байқауы → жалғасы.

Қатысушы балаларға арналған ғылыми-танымдық [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында, «Жас саяхатшы» қауымдастығына («ВКонтакте» әлеуметтік желісі арқылы) тіркелуі тиіс. (Мына сілтеме бойынша <https://vk.com/puteshestvennikz>).

Ережеге қосымша

Қашықтықтан өткізілетін Республикалық интернет байқауына қатысу өтінімі

Қатысушының аты-жөні, тегі	Жасы	Облыс, қала, аудан, ауыл, білім беру ұйымының атауы, сыныбы, курсы	Байқаудың номинацияның, жұмыстың атауы	Байланыс мәліметі (ұялы телефон, эл. адресі)	Жетекшінің аты-жөні, тегі (толық), егер бар болса, жұмыс орны мен қызметі	Жетекшінің байланыс мәліметі (ұялы телефоны, эл. адресі)
1	2	3	4	5	6	7

